



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,  
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,  
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің  
85 жылдығына арналған  
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**Астана 17 наурыз 2023 жыл**

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

*Редакция алқасын басқарған:* Сыдықов Е.Б.

*Редакция алқасы:* А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәліұлы (жауапты шығарушы),  
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

## АКАДЕМИК М.СЕРҒАЛИЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ МАҢЫЗЫН ЖОЙМАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

*МАЛИКОВ Қ.Т.,*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, филология  
ғылымдарының кандидаты, доцент*

*ОРАЗ А.Н.,*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, докторант  
Астана, Қазақстан*

**Түйіндеме.** Мақалада ҚР ҰҒА академигі М.С.Серғалиевтің қазақ тілін оқытудағы орысша-қазақша сөздік туралы тұжырымдары мен лексикалық нормаға қатысты зерттеулері және электронды сөздік мәселесі қамтылады.

**Резюме.** Статья содержит выводы академика НАН РК М.С.Серғалиева о русском-казахском словаре в преподавании казахского языка, исследования по лексической норме и вопросы электронного словаря.

**Abstract.** . Article contains the conclusions on Russian-Kazakh dictionary in teaching the Kazakh language, research on lexical norm and issues of electronic dictionary of Sergaliev M.S., who is an academician from National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

Ұлт тұтастығы мен бірлігінің кепілі – тіл өміршеңдігінде жатыр. Өйткені ұлттың өзге этностардан өзгешілігі мен ерекшелігін аңғартатын негізгі белгісі – оның тілі. Тіл қарым-қатынас құралына айналған сайын оның сан-салалы қызметінің ашыла түсетіні белгілі. Қазақ тілін оқыту мәселесі ХІХ ғасырдан бастап жан-жақты зерттеліп келе жатыр. Одан кейін ХХ ғасырда да бірқатар ғалымдар тіл мәселесін тереңінен зерделеп, тілді меңгертуді басты нысандарына алды. Бұл ғылым саласы бойынша көптеген тілші-ғалымдар өнімді еңбектер жазып, қазақ тіліне жанашырлық танытып келеді. Қазақ тілінің өрісін кеңейту мақсатында ауқымды еңбектер жазған ғалым Мырзатай Серғалиұлы тіл білімінің барлық саласына да елеулі үлес қосты. Саналы ғұмырын ғылымға арнаған ғалымның еңбектері, мақалалары мен баяндамалары, монографиялары, оқулықтары мен әдістемелік құралдары қазақ тіл білімі үшін теңдесіз мұра. Тіл білімінің негізгі салалары лексикология мен лексикографияны қамтыған «Сөз сарасы»(1977), «Синтаксис синонимі» (1981), «Сөз шырайын ойласақ»(1982), «Сөздің күнгейі көп көлеңкесі» (1987) «Сөз сарасы» (1989), «Етістікті сөз тіркесінің синонимиясы» (1991), Ой мен сөздің жарасымы»(1994), «Қазақ ауызекі тіліндегі эмоционалдық және экспрессивтік лексика» (1995), «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» (1996) , «Сөз нақтылығы мен ой айқындығы»(1998), «Ой өрнегі»(1995), «Сөз салмағы»(2002), ғалым М.Балақаевпен бірлесе жазған «Қазақ тілінің мәдениеті» (2004), сондай-ақ бірқатар әдістемелік еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Ғалым сөз мәдениеті мен лексикография саласында да толассыз тер төкті. Қазақ тілінің жай-күйіне немқұрайлы қарамаған М.Серғалиевтің қазақ тілін үйрету, сондай-ақ қазақ тілі сөздігін жасау мәселесіндегі бірқатар пікірлері күні бүгінге дейін өзектілігін жоймай тұр. Ғалым Ж.Қ. Өмірбекова қазіргі қазақ қоғамындағы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай мәні мен міндетін М.Серғалиевтің ғылыми мұрасы мен тұжырымдарын зерделей отырып былайша топтастырады[1, 85 б.]:

– қазақ тілінің мемлекеттік тіл қызметіндегі ұлтты ұйыстырушылық мәнін күшейтудің тілтанымдық негізін айқындау;

– мемлекеттік тіл мәртебесіндегі ұлттық тілдің ұлтты рухани тұтастырушылық қызметінің әлеуетін қазіргі заманның әлеуметтік мүдделеріне сәйкес жаңа аялық қолданыстар мен мүмкіншіліктері арқылы толықтыру;

–қазіргі қоғамның әртүрлі саласындағы (ғылым мен мәдениеттегі, терминдік жүйедегі, ақпарат құралдарындағы, білім беру мен тәрбие саласындағы, қызмет көрсету аясындағы т.б. мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметінің арқауын ұлттық идеяға құрудың тетігі ретінде тілдік тұғырды ұсыну;

–әртүрлі тарихи кезеңге сәйкес көркем мәтіндерде «астарланған», «тасаланған» ұлттық мазмұнды талдау.

Осы орайда мақаламыздың мақсаты – мемлекеттік тіл әлеуетін көтеруде ғаламтордағы ақпараттық құралдар мазмұнының олқылықтары мен осы мәселедегі ғалым көзқарасының актуалдылығын ашу. М.Серғалиев мемлекеттік тілдің жай-күйіне қатысты бірқатар мақалалар мен еңбектер жазды. Мысалы, «Мемлекеттік тілді меңгеру ілтипатқа байланысты» тақырыбындағы зерттеуінде қазақ тілін үйрету мәселесінде ілгерілеу бар болғанымен талап деңгейінен төмен болып жатқандығының себептерін нақтылаған[2,76 б.]. Соның ішінде ғалым өзі жазған 1993, 1995 жылдары жарық көрген «Орысша-қазақша сөздігін» тілге тиек етіп, тілді үйретуге қажетті оқу құралдарының жеткілікті екендігін, соны пайдаға асыратын оқырманның тапшылығын айтады[3]. Бүгінгі күнде де тіл үйрететін оқулық жазу емес, тіл үйренетін оқырман санын арттыру алдыңғы шептегі мәселе. Бұл мәселеге ғалым мемлекеттік тілді көпшіліктің жақсы игеруі үшін талапты балабақшадан бастауды ұсынып, орта мектептердегі қазақ тілі пәніне бөлінетін сағат санын көбейтіп, оқытылу сапасын қатаң бақылауға алуды ұсынады. Сонымен қатар қаламгер «Қазақ тілінің тұңғыш методикалық оқулығы» атты мақаласында қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналып жазылған алғашқы оқулықты талдап, лексиканы, сөз тіркестерін, салалас құрмалас сөйлемдерді оқытуды қазақ тілінің ең негізгі мәселелері деп бағамдайды. Сондай-ақ ғалым тілді оқыту мәселесінде мектепте тілді оқытудың ең тиімді деген жаңа әдістерін молырақ пайдалануға шақырады[4,190 б.].

Ғалым пікірін ескерсек, тіл үйретуде лексиканы меңгерту мен лексикографияның дұрыс құралуы ең маңызды мәселелердің бірі. Тілдік құралдар жүйесіндегі лексика сөйлеу әрекетінің әр түрінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады: ауызша – тыңдау, сөйлеу, жазбаша – оқу және жазу. Лексика – бұл біздің сөйлеуіміздің негізгі құрылыс материалы, оның мазмұндық жағы. Лексиканы меңгеру сөйлеу дағдыларын дамытудың маңызды шарты болып табылады. А.А.Леонтьевтің тұжырымы бойынша [5], лексика-бұл жүйелер жүйесі. Лексиканың жүйелілігі барлық сөздер оқшау өмір сүре алмайтындығында, олар белгілі бір сөздік топтар түрінде тығыз байланысты (семантикалық өрістер, синонимдік тізбектер, лексикалық-семантикалық және тақырыптық топтар, антонимдік қарама-қайшылықтар және т.б.). Осы тұста лексиканы меңгертуде оқытушының міндеті – білім алушының сөздік қорын барынша қалыптастыруға және кеңейтуге қол жеткізу. Өзге ұлт өкілдері мен тіл білмейтін қазақ ұлты өкілдеріне қазақ тілін үйретуде тіл дамыту жұмыстарының маңыздылығы зор. Тілді оқыту үдерісінде тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаттарының бірі – лексиканы меңгерту. Сондай-ақ тіл үйренушінің сөздік қорының сандық жағынан өсуі, игерілген сөздерді сапалық тұрғысынан жетілдіру нәтижелі тіл үйрету мақсатының маңызды бөлшегі. Осы орайда әдіскер-ғалым Мырзатай Серғалиевтің қазақ тілін үйретуге арналған сөздік төңірегінде айтқан пікірлерін назарға алайық. Ғалым-тілшінің 1982 жылы жазылған «Орысша-қазақша сөздікке ұсынақтылық қажет» мақаласында күні бүгінге дейін сөздіктерде түзетілмеген ескертпелер бар. Бұл еңбекте автор жарық көрген сөздіктердегі олқылықтарға тоқталып, орыс тілінен қазақша баламаның сәйкессіздігін айтып, қазақ тіліндегі терминдердің не қосымшасы тұрғысынан, не лексикалық бірлік тұрғысынан бірдей берілмегенін тілге тиек етеді. Сөздік турасында ғалым мынадай пікір айтады: «запись жазба делінген /27,42/. Дұрыс делік, бірақ запись голоса тіркесі неге дауысты

жазу /27,42/ делінеді? Яғни, жазбамыз жазу болып кетті. Сондай-ақ звукозаписьті дыбыс жазу деп аударған /27,43/. Мұнда табыс септігі жалғауының түсіп қалуы түсініксіз»[2, 322 б.]. Ғалымың бірнеше жылдар бұрын жасалған сын-ескертпесінің бүгінгі жайын білу мақсатында сөздіктен аталмыш сөздердің қазақша баламаларын іздедік. Техникалық мүмкіндіктердің кеңейе бастағанына байланысты қоғам қажеттілігі де арта бастады. Осының негізінде лексикография саласы жаңа деңгейге көтеріліп, қазақ тілін үйрену мүмкіндігі де жеңілдей түсті. Ғалымдар егер қандай да бір тіл сөздігі ғаламторға еңбеген болса, онда ол тілді толыққанды өмір сүріп жатыр деудің қиын екендігін айтып жүр. Демек, ғаламтор кеңістігінде белгілі бір тілдің сөздігінің орын алуы сол тілдің өміршеңдігі мен қоғамға қажеттілігін көрсетеді. Осы тұжырымдарды алға тартып ғаламтор желісіндегі аудару мүмкіндігі жоғары, ең танымал – Яндекс аудармашы платформасына автордың сынына ұшыраған сөздерді теріп көрдік. Біраз нәтиже көз қуантарлық болғанымен, мұнда кейбір көзге оғаш сөздер мен сөз тіркестері жеткілікті дәрежеде екен. Мысалы жоғарыда М.Серғалиев атап өткен запись-жазу, звукозапись- дыбыс жазу ал запись голоса- дауысты жазу деп аударылды. Автор атаған қателіктер бұл жүйеде өзгеріссіз қалған. Сондай-ақ ғалымның ескертпесіне ұшыраған воображение сөзін елестеу бірде көрегендік дегеннен қиял деп аударуға лайық сияқты деп еді. Расымен де ол сөз платформа базасында қиял деп аударылып тұр. Добыча сөзін де олжа деп аударуды қош көрмеген ғалым пікіріне сай өндіру деп қалдырыпты. Сонымен қатар ғалым «семья» сөзін отбасы деп аудару ресми тілде тұрақталғанын айтып, бірақ обзавести семьей тіркесі сөздіктерде шаңырақ көтеру тіркесімен баламаланып, көркем шығармада қолданылатын эмоционалдық сипаты басым сөзді сөздікке кіргізу дұрыс еместігін ескерткен. Бұл сөз Яндекс-аудармашыда семья-отбасы деп аударылса, обзавести семьей -отбасын құру болып ғалым пікіріне сай аударылды. Несправедливость сөзін әділетсіздік деп аударғанына оң көзқарас білдіріп, алайда неантагонический дегенді антагонистік емес деп аудару тосын екендігін ескертіп, осындай анықтауыш сөздің емеске аяқталған бірқатарын тізіп шыққан еді: жаман емес бала, үлкен емес кісі т.с.с. Ғалым атаған олқылықтың орны біз нысанға алып отырған жүйеде қалай аударылғанын білу мақсатында жазып көрдік. Өкініштісі, неантагонический-антагонистік емес деп, не плохой ребенок сөзі жаман емес бала, не большой человек-үлкен емес кісі деп аударылды. Анықтауыш сөздердің емеске аяқталып, құлаққа түрпідей тиетін тіркестердің жасалуы онлайн сөздікте қате күйінше тұр екен. Сонымен мұнда ғалымның ұсынғаны неантагонический дегенді антагонистік емес орнына антагонистіксіз дегеннің дұрыс екендігін тұжырымдаған. Арада 41 жыл өтсе де тіл білімінің лексикография саласы үшін ғалымның жазған еңбектері, мақалалары әлі де өзектілігін жоғалтпай тұрғандығының бір дәлелі жоғарыда келтірген мысалдарымыз болса керек. Сондай-ақ ғалым «Аударма сөздікке арнайы талап» мақаласында сөздіктің қай тілдің болмасын лексикалық байлығын, сөздік құрамын танытатынын, сонымен қатар сол тілдердегі сөздердің өзара қарым-қатынастағы көп мағыналылығынан айқын мәлімет беретіндігін айтады[2, 331 б.]. Расында да қай тілді болмасын үйрену барысында сөздіктің орны бөлек, сондықтан да оған қойылар талап пен оның жасалуы үлкен жауапкершілікті қажет ететіні сөзсіз.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің өрісін кеңейту ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қазақ тілін үйренушілер санының тұрақты өсуі тілді дамытудың негізгі факторларының бірі деп қарастырсақ болады. Осы тұста тіл беделі мен абыройы астарында ұлт тағдыры жатқанын есте сақтауымыз қажет. Ғалым Н.Уәли тіл үйренудегі талаптың сөз мәдениетіне тікелей қатысты екендігін айтады. «Өйткені мәдениеті жоғары тіл ғана ұлттық тіл, мемлекеттік тіл ретінде қызметін мінсіз атқара алады» деген пікір айтып «сөз мәдениеті пәнінің негізгі тірек таянышы - әдеби тіл нормасы» деп бағамдайды [1, 24 б.]. Кез келген тілдің байлығы сөз байлығынан көрінеді. Тіл қаншалықты бай болғанымен сөздің байлығын жұмсаудың аясы әр түрлі. Осы тіліміздегі сөздік қор мен сөз байлығына, лексикалық нормаға М.Серғалиев ерекше назар аударып, тұшымды пікір айтқан ғалым. Мысалы ғалым әлі айтылу тұрғысынан орныға

алмай жүрген бірнеше сөздерге тоқталады: айқай-айғай, жиналыс-жиылыс, сұрақ-сұрау, палуан-балуан, ғашық-ашық, адым-қадам. Аталған сөздер ауыз екі сөйлеуді былай қойғанда әдеби шығармаларда да екі нұсқада да кездесіп жүргендігін алға тартады. Мысалы бір кезде өйткені-үйткені, хат-қат, және-жана, қазір-кәзір деген сияқты сөздердің алдыңғы нұсқаларын қабылдауға келісіп, нәтижелі шешім шыққанын айтады автор[6, 25 б.]. Сол сияқты жоғарыдағы сөздердің бір нұсқасын әдеби норма етіп қолдану қажет дейді. Алайда бұл сөздер әлі де нақтыланып, тек бір нұсқасы ғана әдеби норма болып бекітіле қоймаған. Осы орайда біз тағы да ең жылдам, ең қолайлы деп саналатын танымал баспалардың электронды нұсқасында жоғарыдағы сөздердің қалай қолданылып жүргендігіне талдау жүргіздік. Мысалы Республикалық басылым Егемен Қазақстан газетінің электронды порталынан 2018 жылдың мамыр айында жарық көрген мынадай мақаланы кездестірдік «Жамбылда балуандар бақ сынады»[7]. Дәл осы басылымда 2019 жылдың 27 наурызында жарияланған ««Қазақ күресі» спартакиадасында палуандар белдесті» тақырыбында мақала бар екен[8]. Байқағанымыздай бір басылымда балуан да, палуан да деп қолданылып тұр. Сондай-ақ, айқай мен айғай сөздерінің де екі нұсқасы қазір жарыса жазылып жүр. Сөзімізге дәлел ағымдағы жылдың 13 қаңтарында Республикалық газет Егемен Қазақстан порталындағы мақала мәтінінен мысал келтірейік: «Айғайға сүрен қосып, адам өлтіріп, мекемелерді өртеп, дүкен тонағандармен бетпе-бет келді»[9]. Ал Алаш айнасы порталында 2017 жылғы мақала тақырыбында айқай болып қолданылып тұр: «Қызылорда әкім есебінің соңы айқайға ұласты»[10]. Байқағанымыздай бұл сөздердің бірі таңдалынып алынбаған, әлі де екі нұсқа қатар қолданыста. Демек аталған сөздердің қолданысында бір мәмілеге келіп, лексикалық норманың бұзылуына жол бермеу әлі де актуалдылығын сақтап тұр.

Тілші-ғалым М.Серғалиевтің қазақ тіл біліміне қосқан үлесі орасан зор. Уақыт жылжыған сайын тіл білімі ғылымының қоры да толығып жатқаны айтпаса да түсінікті жайт. Дегенмен М.Серғалиевтің қыруар еңбегінің бір парасын ғана ақтарып, әлі де шешімін таппаған мәселелерге кезігіп жатырмыз. Осы ретте айтарымыз, М.Серғалиев еңбектерін зерттеп, зерделеу – қазақ тіл біліміндегі басы ашылмаған біраз сұрақтың жауабын табуға бағдар болар еді деген ойдамыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Рухани жаңғыру және тіл білімі мәселелері: ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (2018 жылдың 16 наурызы, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ баспасы, 2018. – 426 бет.
2. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар/М.С.Серғалиев– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 344 б.
3. М.Серғалиев. Русско-казахский словарь. Орысша-қазақша сөздік. – Алматы: «Зият Пресс», 2004 ж. – 112 с.
4. Серғалиев М. Тілім менің – тінім менің. Мақалалар. Таңдамалылар/М.С.Серғалиев/ – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 244 б.
5. Леонтьев А. А. Язык и речевая деятельность в общей и педагогической психологии. – изд-во Моск. психол.-соц. ин-та; 2004.
6. М.Балақаев., М.Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық. – Алматы: «Зият Пресс», 2006 ж. – 140 б.
7. <https://egemen.kz/article/168224-zhambylda-baluandar-baq-synady>
8. <https://egemen.kz/article/186340-qazaq-kuresi-spartakiadasynda-paluandar-beldesti>
9. <https://egemen.kz/article/332528-antqa-adal-shekarashylar>
10. <https://alashainasy.kz/aim/kyizyilordada-akm-esebnn-sonyi-aykayga-ulastyi-92107/amp/>